

## 2004 жылы Май ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Май аудандық әкімиятының 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 2/1 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 19 ақпанда N 2311 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімінің 2007 жылғы 3 қазандағы хатымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімінің 2007 жылғы 3 қазандағы хатымен.*

Ауданның жұмыссыз азаматтарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-ІІ "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 6 тармағына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру қағидасы б е к і т і л с і н .

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасуға құқығы бар, халықтың нысаналы топтар құрамына кіретін адамдар тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту бөлімі әлеуметтік жұмыс орындарына нысаналы топтардан жұмыссыз азаматтарды жіберсін.

4. Аудандық қаржы бөлімі жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Закирьяновқа жүктелсін.

*Аудан әкімі Т.Мүбәраков*

М а й            а у д а н            ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 4            ж ы л ғ ы            1 2            қ а ң т а р д а ғ ы  
"2004            ж ы л ы            М а й            а у д а н ы н д а            ә л е у м е т т і к  
о р ы н д а р ы н            қ а р ж ы л а н д ы р у            ж әне  
ұ й ы м д а с т ы р у            т у р а л ы "            N            2 / 1  
қаулысымен бекітілді

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру ҚАҒИДАСЫ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида тұрғындардың мақсатты топтары ішінен жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін белгілейді, әлеуметтік жұмыс орындарын және ұйымдармен (меншік нысанына қарамастан) жасалатын негізгі шарттар мен есептесу жүйесін реттейді.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздарға, Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру туралы заң актілері қолданылады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру аудандық жұмыспен қамту жөніндегі өкілетті органдар жүзеге асырады.

## **2. Жұмысшылардың құқығы**

4. Жұмысшылардың құқығы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңымен реттелінеді.

## **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оларға жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру тәртібі**

5. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын, кәсіпорындармен және ұйымдармен осы жұмыс орындарына қабылданатын жұмысшылардың еңбекақысын жартылай немесе толықтай төленетін шарттар негізінде беріледі немесе құрылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың қаулысымен кәсіпорындармен ұйымдардың тізімі, әлеуметтік жұмыс орындарын беру немесе құру, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен шарттары анықталады.

7. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарға жіберу жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде жүргізілмейді және жұмыссыздарды тұрақты жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін кәсіпорындар мен ұйымдарға беріледі.

8. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу, жұмыспен қамту жөніндегі аудандық, аудандық өкілетті органдардың келісім бойынша жүзеге асырылады.

9. Кәсіпорындармен және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздар жұмыспен қамту жөніндегі өкілетті органдардан тіркеуден шығарылады.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың еңбекақы мөлшері Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

## **4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері және шарттары**

11. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері: жұмыс берушілер мен жергілікті бюджеттің қаражаты.

12. Әлеуметтік жұмыс орындарын жергілікті бюджеттерден қаржыландыру " Жұмыспен қамту" 030 бағдарламасының Тұрғындарды жұмыспен қамту

саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар 033 бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

13. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған жұмыссыз азаматтардың еңбек ақысына жұмыс берушілердің шығыстары аудандық бюджет қаражатынан, белгіленген жалақыдан 50 пайыз, бірақ Республика бойынша белгіленген ең төмен жалақыдан артық емес мөлшерінде төленеді.

14. Жергілікті аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда мақсатты топтардағы жұмыссыздардың жеке санаттары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашу кезінде, жергілікті атқарушы органдардың қаулысымен жұмысқа қабылданған жұмысшыларға еңбекақы төлеуге кететін шығын толық өтеулі мүмкін.

15. Жұмыспен қамту жөніндегі өкілетті орган, жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа алынған жұмыссыздарға еңбекақы төлеуге кететін шығындарды жартылай немесе толықтай өтеу жөнінде келісім жасайды.

## **5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бақылау**

16. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасын сақтауды бақылау, заңнамаларда көрсетілген тәртіпке сәйкес мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

М а й а у д а н ә к і м д і г і н і ң 2 0 0 4  
ж ы л ғ ы 1 2 қ а ң т а р д а ғ ы  
" 2 0 0 4 ж ы л ы М а й а у д а н ы н д а  
ә л е у м е т т і к о р ы н д а р ы н  
қ а р ж ы л а н д ы р у ж ә н е  
ұ й ы м д а с т ы р у т у р а л ы "

№ 2/1 қаулысына қосымша

**Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасуға құқығы бар, халықтың нысаналы топтар құрамына кіретін адамдар**

### **ТІЗБЕСІ**

1. Табысы аз адамдар
2. 21 жасқа дейінгі жастар
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар
5. Асырауында күтімді қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар
7. Қазақстан Республикасының қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар

8. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан  
б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р
- 9 . О р а л м а н д а р
10. Дәрігерлік-консультативтік комиссия анықтамасы бойынша еңбекте  
ш е к т е у л е р і б а р а д а м д а р
11. 50 жастан асқан адамдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК